

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы анықтама

Жыл басында әлеуметтік педагогтың жоспары жасалынып, бекітіліп біршама жұмыстар атқарылды. Мектепке келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасалды. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталды.

Әлеуметтік аз қамтылған отбасы баласына жататын оқушылардың құжаттары жинақталып, «Егов портал» салынып, ата-аналардың өтініштері қанағаттандырылып, 90 бала және 1 -4 сынып оқушылары толығымен бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік педагог Ә.Жарылқап, мектеп психологы Г.Алсейтова, дефектолог Г.Алпысбай, Әлеуметтік топтағы оқушылардың үйлерін аралап, оқушылардың жай жағдайларымен танысты. Оқу жылы басында өткізілетін дәстүрлі мектепке жол акциясы аясында 11 балаға 450 мың теңге көлемінде қаржылай, заттай көмек көрсетілді. 72 балаға бір реттік қаржылай көмек көрсетілді.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картотекасы жасалынып, төмендегідей категориядағы оқушылардың тізімі анықталды.

Толық отбасылар

- Толық емес отбасылар 10
- Анасы жоқ балалар 3
- Әкесі жоқ балалар 4
- Көп балалы отбасы 75
- Аз қамтамасыз етілген отбасы 32
- Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар -
- Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар -

Желтоқсан айында Қызылорда қаласында болатын Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шыршаға 1 оқушыға қамқоршылық кеңесінің шешіміне сәйкес жолдама беріліп қатысып, жаңа жылдық сыйлық алды.

Аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік топтағы 3 оқушы қатыстырылып, жаңа жылдық сыйлықтарға ие болды.

Психологпен бірлесе отырып, 1-11 класс оқушыларының «Барлық бала партада» деген тақырыпта оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмысы жүргізілді. Сабақтан себебсіз қалатын оқушыларды анықтау. Баланың әр күнгі жеке тазалығы зерделеніп, сынып жетекшілерге тазалыққа қатысты тапсырмалар берілді. Туысының үйінде жатып оқитын оқушылармен жеке-жеке сұхбаттасу жүргізілді. Өгей ана, әке тәрбиесіндегі оқушылармен отбасы мәселесі бойынша жеке-жеке сұхбат жүргізілді. Оқушыларға «Зорлық - зомбылық алдын –алу және оның салдарын жоюда оқушыларға ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу «Сенім телефоны» 1-11 сынып аралына өтті. Оқушыларды жаздық демалыс лагеріне қамту жұмыстары жүйелі жүргізіліп, қырық оқушы мектеп жанындағы жиырма бір оқушы «Шағала» қала сыртындағы лагерге демалды.

Жұмыс жоспарының мақсаты:

- Жүйелі жұмыс жоспарын жасау, тәрбие және психологтармен бірлескен жұмыс жоспарын құру;
- Балалардың панасыз және қараусыз қалуын алдын-алу, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және әлеуметтік топтағы отбасы балаларына үнемі қолдау көрсетіп есепке алу;
- Балалардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауын қадағалау, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Міндеті:

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құжаттарын жинақтау;
- Класс жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың тұрмыстық, материалдық жағдайларына зерттеу жүргізу, әлеуметтік қолдау көрсету және білім алуына толық жағдай жасау;
- Қорғаншы және қамқоршы тәрбиешілермен байланыс орнату, қорғаншылық және қамқоршылық тәрбиеге берілген балаларға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу және бақылау;
- Түрлі қиын жағдайлармен назарға алынған оқушыларды тіркеу, жекелеген жұмыстар жүргізу;
- Баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қоғамда жарқын өмір сүруін қамтамасыз етеді;
- Бала қиындықсыз білім алуға толық жағдай жасалады, қоғамда өзін қауіпсіз сезінеді;
- Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік қолдау көрсетіліп, бала құқықтары қорғалады;
- Болашағы дамыған, тұғыры биік еліміздің азамат, азаматшасы болатынына сеніммен қарайды